

Талдамалық анықтама

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Байқоңыр қаласының көп бейінді ауруханасы" ШЖҚ КМК (бұдан әрі - Аурухана) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы

Байқоңыр қаласы

2025 жылғы « 30 » мамыры

1. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының Байқоңыр қаласының көп бейінді ауруханасы ШЖҚ КМК-ны (бұдан әрі - Аурухана) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңын орындау мақсатында және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" №12 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі - № 12 бұйрық), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау туралы» әдістемелік ұсынымымен аурухананың бас дәрігерінің 2025 жылғы 23 сәуіріндегі № 78-н/қ. бұйрығының негізінде *(Аурухана төңірегіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы)* құрылған жұмыс тобының, 2025 жылдың сәуір айымен 2025 жылдың мамыр айына дейін Аурухананың қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – ішкі талдау) жүргізілді. Аурухананың ресми сайтында және «Фейсбук» әлеуметтік жүйесіндегі парақшасында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, аурухананың мүдделерінің қақтығысын анықтау және реттеу саясаты, құпия ақпараттандыру саясаты, қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидалары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет/комплаенс-офицер қызметінің жағдайы туралы ақпарат орналастырылған. Қызметкерлерге, пациенттерге және ауруханаға келушілерге ақпараттың алдын алу және жеткізу мақсатында әкімшілік ғимаратта және қабаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы көрнекі ақпараты бар стендтер орналастырылды, күн сайын теледидарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі аурухана жүргізетін шаралар туралы апта сайын аралау кезінде бейнероликтер көрсетіледі, ақпарат пациенттерге және қызмет көрсетуші персоналға жеткізіледі.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды № 78-н/қ бұйрығына сәйкес, келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізілді:

- 1) Бас дәрігердің ішкі аудит және пациенттарді қолдау жөніндегі орынбасары Ж. Баймухамбетова - **топ басшысы**;
- 2) заңгер-комплаенс маманы А. Тұрғанбаев - **топ мүшесі**;
- 3) Аймақтық қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі А. Айтбақов- **топ мүшесі**;
- 4) Кадр бөлімінің инспекторы А. Дарменкулов - **топ мүшесі**;
- 5) Кадр бөлімінің инспекторы А. Кудайбергенова - **топ мүшесі**;
- 6) Бас мейірбике Л. Кумарова - **топ мүшесі**;

4. Есепті кезең: 2025 жылдың сәуір айымен 2025 жылдың мамыр айына дейін.

5. Top жетекшісі Ж. Баймухамбетоваға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, уйлестіру және жауапкершілік жүктеледі.

6. СИПАТТАМА БӨЛІМ.

Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- Аурухананың құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Аурухананың құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдастырушылық басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Аурухана қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Аурухана өз қызметінде «Халық денсаулығы туралы» ҚР Кодексің, «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңдарын және ҚР басқа да нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Ішкі талдау барысында аурухана, бөлімдердің қызметін реттейтін ережелер және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары зерттелді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелерді талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.

Ішкі талдаумен «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңында (бұдан әрі – ҚР Заңы) және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығында (бұдан әрі - қағидалар) дискрециялық өкілеттіктер мен нормалардың болуына талдау жүргізілді.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы Аурухана жұмысы электрондық форматта портал арқылы жүзеге асырылады мекенжайы: www.goszakup.gov.kz.

Жоғарыда аталған қаулы шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында ауруханада мемлекеттік сатып алу жөніндегі комиссия құрылды, ол әлеуетті қатысушылардың өтінімдерін алқалы түрде қарайды және жеңімпазды айқындау жөнінде шешімдер қабылдайды. Сондай-ақ, ауруханада тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, аурухананың мұқтаждары үшін қызметтер көрсетуге тапсырыстарды орналастыру кезінде мемлекеттік сатып алу порталында сатып алу кестесімен бір жылға сатып алу жоспарын орналастыру арқылы жариялылық режимі қамтамасыз етіледі.

Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- 1) әлеуетті өнім берушілер шеңберін шектеу;
- 2) дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу үшін бөлінетін ақшалай қаражаттың оңтайлы және тиімді жұмсалу қағидаттарын бұзу;
- 3) дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу шарттарын бұзу;
- 4) бәсекелестік қағидаттарын бұзу.

2. Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

2025 жылдың басынан бастап 20 адам жұмысқа қабылданып, 13-адам түрлі негіздермен еңбек шарты бұзылған. Тәуекелдерді талдау барысында жұмысқа адамдарды қабылдауда Қазақстан республикасының Еңбек заңнамасының және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 19 маусымдағы «Жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және халықты жұмыспен қамту орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 259 бұйрығының талаптарын бұзылмаған.

Адами ресурстарды басқару бағдарламасына сәйкес ауруханада құжаттарды, оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде маман сертификатын верификациялаудың міндетті рәсімі және жаңа маман сертификатын беру кезінде одан әрі қайта жүргізіледі.

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес кадрлар жөніндегі кеңестің жұмысын талдау. Ұсынылған есепті деректерге сәйкес көрсетілген кезеңде тәртіптік жауапкершілікке тартылған қызметкерлер саны 21 адамды құрады, оның ішінде 1-қатаң сөгіс, 4 - сөгіс, 16-ескертулер.

Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- 1) еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесінде көзделмеген құжаттардың талаптарында көрсетілген бұзушылықтар;
- 2) мамандар сертификатының болмауы немесе қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- 3) мамандардың біліктілігін арттырудан өту мерзімдерінің аяқталуы.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша талдау.

Азаматтардың шағымдары мен өтініштерін талдау "Call-орталықтың" телефондары арқылы, сондай - ақ жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін

тіркеу журналдары арқылы, Қазақстан азаматтарының электрондық өтініштері мен онлайн петицияларын қабылдау мен өңдеудің ресми сайты арқылы тұрақты негізде жүзеге асырылады- E-otinish.kz.

Талданып отырған кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнама талаптарын бұзуда байланысты аурухана қызметкерлерінің әрекеттеріне өтініштер түскен жоқ.

Бас дәрігердің орынбасарлары және бөлімшелерінің меңгерушілері Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерінің сақталуын, сондай-ақ оларды көрсету сапасын тиісті түрде қамтамасыз етеді, жұмыс тобы тарапынан стандарттарда және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерінде көрсетілмеген қосымша құжаттарды талап ету белгіленбеген.

Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- 1) өтініштерге жауап беру мерзімдерін бұзу;
- 2) негізделген өтініш кезінде басқару шешімдерінің болмауы.

Аурухана қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша жұмыс тобы мыналарды ұсынады:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды насихаттау бойынша тұрақты негізде жұмыстар жүргізу;
2. Аурухана бөлімшелерінде құқықтық сананы арттыру және ұжымда сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті (нулевая терпимость) қалыптастыру жөніндегі жұмысты күшейту;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қолданыстағы талаптары туралы қызметкерлердің білімін тексеру бойынша іс-шаралар жүргізу;
4. Жұмысқа қабылдау кезінде мүдделер қақтығысын анықтау бағыты бойынша Құқықтық жалпыға бірдей оқыту жүргізу;
5. Әлеуметтік желілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі аурухана қызметін жариялау бойынша жұмысты жалғастыру;
6. Аурухананың әкімшілік ғимаратында және пациенттер мен келушілер жиналатын орындарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы бейнероликтерді тұрақты негізде көрсету.


Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ережелері бойынша жұмыс тобы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдары бар талдамалық анықтама сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына қарау және шаралар қабылдау үшін енгізілсін.

Бас дәрігердің ішкі аудит және
пациенттерді қолдау ісі
жөніндегі орынбасары

 Ж. Баймухамбетова

Келісілді:



Зәңгер комплаенс маманы  А. Тұрғанбаев

Аймақтық қызмет көрсету
бөлімінің меңгерушісі  А. Айтбаков

Кадр бөлімінің инспекторы  А. Дарменкулов

Кадр бөлімінің инспекторы  А. Құдайбергенова

Бас мейірбике  Л. Кумарова